



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№38 (575)
19 қыркүйек,
2024 жыл

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

ОҚУ

ОРДАСЫНДАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры өтті. Тур барысында журналистер оқу орнының бірқатар нысандарымен танысып, тыныс-тіршілігіне қанықты.

Аймағымыздың алдыңғы қатарлы білім ордасы ауыз толтырып айтар жетістіктер мен оң өзгерістерге толы. Мәселен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті биыл БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары бойынша алғаш рет «Times Higher Education» әлемдік жоғары оқу орындарының рейтингінен көрінді. Сонымен қатар «UI GreenMetric» халықаралық рейтингіне енді. Университеттің 20 білім беру бағдарламасы республиканың үздік үштігіне кіруі де аймағымыздың абыройын асқаттатты.

Өткен жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Кореяның Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен бірлесіп Жасанды интеллект және информатика институты ашылды. Жана оқу жылында институтқа 4 бағыт бойынша, атап айтқанда «Информатика», «Киберқауіпсіздік», «Компьютерлік бағдарламалау және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу», «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша маман даярлауға ҚР ҒЖБМ 100 білім грантын бөлген.

4-бетте



МӘСЕЛЕ

АСҚАР

ТАУДЫҢ АЛАСАРҒАНЫ МА?

Шыны керек, бүгінде дәрекі мінезімен отбасының шырқын бұзатын ер-азаматтар баршылық. Отбасын асырай алмай отырғандары да жоқ емес. Қалтасы қалың қалыңдықтарды торуылдайтын «альфонс» жігіттерің тағы бар. Жасы бірзды еңсерсе де үшінші, төртінші әйелдің қолына кіріп алуды ар көрмейтіндер де табылып жатады.

Бұған не себеп? Жұмыстың жоқтығы, тұрмыстың нашарлығы ма? Әлде бар кінәні жаһандандудың тигізіп жатқан әсеріне балаймыз ба? Кешегі бабалардың жүріп өткен жолын қарасақ, «Еркек – үйдің иесі, әйел үйдің шегесі» еді ғой.

Мұхтар Шаханов «Арманның аспанына құлаш ұрсам, арқамда асқар тау боп сен тұрасың» десе, мұзбалақ акын Мұқағали «Әке, сенің жасыңнан асып барам. Кезі-кезі келгенде тасып та алам, кезі-кезі келгенде жасып қалам» деп әкеге деген сағынышын, махаббатын тереңнен толғайды. Мұны неге айтып отырмыз? Себебі, соңғы уақытта әлеуметтік желіде әкелерге қатысты «Жалғызбасты әкенің жайы» сынды көп тақырыптың түндігі түріле бастады. Асқар тау әкенің қоғамдағы ролі қандай? Сонда «әкенің айтқанын балғадай, анаңның айтқанын малғадай» көретін қазақ үшін шынымен асқар таудың аласара бастағаны ма? Қоғам ойына ой қосқаннан онық жей қоймаспыз, тақырыпты тереңнен тарқатып көрейік.

Өткен жылғы «Wisevoter» ішінде 16-шы орында тұр. Кінәні мәліметінше, Қазақстан ажырасу саны бойынша әлемдегі 114 елдің

3-бетте



БЕКСҰЛТАН БОСТАНДЫҚОВ:

МАҚСАТЫМ — ЭЛЕМ ЧЕМПИОНЫ БОЛУ

Төрткүл дүние көз тіккен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары мәресіне жетті. Алты күнге созылған бәсекені Қазақстан 114 медальмен тәмамдады. Ел қоржынына жүлде салған спортшылар қатарында Сыр елінің мақтаныштары да бар. Соның бірі – тоғызқұмалақшы Бексұлтан Бостандықов. Азия, Әлем біріншіліктерінің күміс жүлдегері, Еуропа кубоктерінің жеңімпазы, Халықаралық дәрежедегі спорт шеберімен сұхбат құрып, аз-кем әңгіме орбтгітік.

– Бексұлтан Хасенұлы, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жеңімпазы атануыңызбен құттықтаймыз! Әлем халқы назар аударған бәсекеде еліміздің көк байрағын көкке көтеріп, әнұранымызды шырқаттыңыз. Сол сәттіге алғашқы әсеріңізбен бөліссеніз...

7-бетте

Әскери жүйе:

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРДЫ КІМ «ҚОРҒАЙДЫ»?

Қазақстан бойынша әскерге шақырудың күзгі науқаны басталған соң, армия қатары 20 мың сарбазбен толығады деп күтілуде. Отанды қорғау әр азаматтың борышы болғанымен, олардың өмірі мен қауіпсіздігіне кепілдік бермейтін жүйе алаңдатпай қоймайды. Бұған себеп те бар. Өйткені әскердегі қайғылы оқиғалар күн тәртібіндегі өзекті мәселенің қатарынан өшпек емес. Ал темірдей тәртіпті мызғымас міндет деп білетін қазақы қоғамда мұндай жағдай неге көбейді?

Әскерге шақырылған жас сарбаздар Отан алдындағы міндетін атқаруға аттанғанымен, ондағы жауапсыздық, әліметтік бозбалалардың артынан келетін қаралы хабарды көбейткендей. Ал сарбаздардың бір-біріне қысым көрсетуі қалыпты жағдайға айналып, жасырын қылмыс қатарына қосылғандай. Олардың басым бөлігі

психологиялық тұрғыдан шыдамай, қыл үстінде қалған өмірін ойланбай қиюға дейін баратыны да жасырын емес. Бұл – тек сарбаздардың жеке кәсіреті емес, бүкіл әскери жүйенің әлсіздігі мен құлдырауының айқын көрінісі тәрізді.

5-бетте



Ережесі

КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдық мерейтойына орай «ТЕҢІЗ ТЕКТІ ТҰЛҒА» атты жазушы-журналистер арасында шығармашылық байқау өтеді. Байқау қаламгерлердің шабытын шыңдау мақсатында Арал аудандық әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылады.

1. Байқаудың мақсаты:

– Ұлт тарихын түгендеп, елдік және ерлік дәстүрді қаламына арқау еткен жазушының ғибратты ғұмырын, шығармашылығын насихаттау;
– Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің бекзада болмысын, өнегелі өмір жолы мен даналығын жастарға үлгі ету;

– Әлем таныған Әбе туралы естеліктер мен ойлы оқиғаларды, мазмұнды материалдарды жинақтау;
– Жазушы-журналистер арасындағы шығармашылық байланысты арттыру.

2. Байқаудың шарттары:

– Қаламгерлер додасына еліміздегі барлық БАҚ журналистері мен жазушылар қатыса алады;
– Байқауға әртүрлі жанрдағы шығарма ұсынуға болады. Материал бағытын қаламгер өзі таңдайды;
– Қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды;
– Байқауға қаламгер бір ғана шығарма ұсына алады;

ТЕҢІЗ ТЕКТІ ТҰЛҒА

АТТЫ ЖАЗУШЫ-ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУ ӨТЕДІ

– Материалдың көлемі 7-10 бет. Шығарма 10 беттен асып кетпеуі тиіс;

– Шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында 14 кетілмен, 1,5 интервалмен, Times New Roman қарпімен ғана қабылданады;

– Сайысқа бұған дейін ешбір газетте, журналда, кітапта, электронды ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланбаған, басқа байқауларға жіберілмеген жаңа шығарма ұсынылады;
– Долаға қатысушы тілші өзінің толық аты-жөні, мекенжайы, қысқаша өмірбаяны, телефон нөмірі, сапалы суреті мен шығармасын tolkun_gazeta@mail.ru электронды поштасына немесе 87058247432 WhatsApp нөміріне #Байқауға хэштегімен жазып жібереді.

3. Байқаудың мерзімі:

– Байқауға қатысатын шығармаларды қабылдау 2024 жылы 15 қазан күні тоқтатылады;
– Қабылданған шығармалардың ішінен іріктелген жеңімпаздар Арал қаласына қорытынды кешке шақырылады. (Өтетін орны мен уақыты қосымша хабарланады);

– Іріктелген шығармалардың ішіндегі ең үздіктері тәуелсіз қазылар шешімімен анықталады;
– Үздік деп танылған шығармалар БАҚ-қа жарияланады.

4. Байқаудың қазылар алқасы:

– Қазылар алқасы қазақ прозасында өзіндік орны бар қаламгерлерден құралады;
– Олар байқауға түскен шығармаларды саралап, ең үздіктерін анықтайды;
– Анықталған шығармалардың жеңген орнын көрсетіп, ұйымдастырушыларға ұсынады;
– Ұйымдастырушылар бәйге жүлделерін үйлестіреді.

5. Байқау бәйгесі:

– Бас бәйге – 300 мың теңге;
– Бірінші орын – 200 мың теңге;
– Екінші орын – 150 мың теңге;
– Үшінші орын – 100 мың теңге;
– Ынталандыру – 10 адамға 20 мың теңгеден бөріледі.



Байқауға түскен шығармалардың сапасына қарай қазылар алқасының ұсынысымен және ұйымдастырушылардың мақұлдауымен бәйгелер саны өзгеруі мүмкін.

6. Байқау жеңімпаздарын марапаттау Арал қаласында өтеді.

«АЖ» ақпарат

